

Докторанттарды ғылыми тағылымдамадан өткізу туралы
№ КЕЛІСІМШАРТ

«22» ноябрь 2022 ж.

Осы Келісімшарт Жарғы негізінде әрекет ететін, (бұдан әрі 1 Тарап деп аталатын) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан директор **Фазылжанова Анар Мұратқызы** бір жағынан және Акдениз университетінің (Анталия к., Түркия) PhD докторы **Уракова Ляззат** (бұдан әрі – 2 Тарап), бірлесе Тараптар деп аталатын ғылыми-зерттеу университеті мен жоғары оқу орны: білім және ғылым саласындағы Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыру және болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру мақсатымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде өзара ғылыми-әдістемелік, ғылыми тағылымдамадан өткізу үшін осы келісімшартты жасады.

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Екі Тараптың «8D02303 – Лингвистика» даярлау бағытындағы докторанттарды ғылыми тағылымдамадан өткізудегі мақсат: ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, болашақ ғылыми кадрлардың ғылыми әлеуетін жетілдірудің тиімді жүйесін құру.

1.2. Тараптар докторанттардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыруды және жүзеге асыруды өз міндетіне алады.

1.3. Осы келісімшартта екі жақ өзара қарым-қатынасында ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарын, «Еңбек кодексін» және өзгеде ҚР нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1.4. Келісімшарт жасаудың мақсаты – жоғары оқу орындарының докторанттарын (2 Тараптың) бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жана инновациялық білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, ғылыми әлеуеті жоғары ғылыми кадрларды даярлау.

1. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:

Осы келісімшартты атқару мақсатында Тараптар:

1.1. Докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өту кезеңіндегі іс-әрекетінің негізгі бағыттары, келесі Тарапқа баратын білім алушылардың саны жөнінде алдын ала келіседі.

1.1.2. Ғылыми тағылымдама басталуынан екі апта бұрын оқу үдерісіне (академиялық күнтізбеге) сәйкес докторанттардың санын, мерзімін көрсетіп, сонымен қатар келесі Тараптың сұранысы бойынша қосымша ақпараттарды ұсынады.

1.1.3. Ғылыми тағылымдаманың мақсатына сәйкес докторанттарды қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.

1.1.4. Ғылыми тағылымдама жетекшілері құрылымдық бөлім басшыларымен бірге тағылымдама басталудан кем дегенде 10 күн бұрын келесі Тарапқа жолданып отырған докторанттардың алдын ала ғылыми-әдіснамалық даярлығын, зерттеу жүргізу әдістемесін үйренуді және келесі Тараптың басқа да этикалық нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді.

1.1.5. Тараптар (өздерінің) докторанттарды өздерінің қойған талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті күнделікпен және құжаттармен қамтамасыз етеді, ғылыми тағылымдама бағдарламасы бойынша тапсырмаларын береді және оларға бақылау жүргізеді.

1.1.6. Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастырудың нәтижесінде Тараптар бірлесе отырып, өздерінің талаптарына сай ортақ қорытынды бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

1.1.7. Профессор-оқытушылар құрамы өздерінің қарамағына жіберілген ғылыми тағылымдамадан өтетін докторанттарға бағдарлама талаптарына сәйкес кеңес береді және жетекшілік етеді.

1.1.8. Тараптардың материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы докторанттардың ғылыми-зерттеулерін ұйымдастыру үшін құралдармен, арнайы жабдықтарды қолдануды, бағдарламаны орындауға қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.

1.1.9. Докторанттарды тек ғылыми тағылымдама бағдарламасы аясында ғана зерттеу жұмысына қамтиды.

1.1.10. Ғылыми тағылымдама соңында әрбір докторантқа ғылыми тағылымдамадан өткенін білдіретін сертификат береді.

2. ЕКІ ЖАҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Тараптар өз кезегінде жіберілген докторанттардың ғылыми тағылымдамаға бақылау жүргізеді.

2.1.2. Тараптар ғылыми тағылымдамаға жіберілген докторанттардың іс-тәжірибесін зерделеуге тәжірибелі мамандарын жолдайды.

2.2. Тараптар құқығы

3.2.1. Зерттеу практика және ғылыми тағылымдама барысында еңбек тәртібін, этикалық нормаларды бұзған жағдайда докторанттарға тәртіптік шаралар қолдана алады.

3.2.2. Ғылыми тағылымдама бағдарламасының вариативті бөліміне сала қызметі, кәсіби стандарттар талаптарына сай өзгерістер ендіру туралы ұсыныстар береді.

3. КЕЛІСІМШАРТ МЕРЗІМІ

3.1. Қосымша жағдайлар мен келісімшартқа ендірілетін өзгерістер туралы екі жақ - Тараптар 10 күн алдын хабарлауға міндетті және бұл өзгерістер қосымша келісімшарттармен рәсімделеді. Келісімшартқа қосылған өзгерістер Екі жақ қол қойған сәттен бастап негізгі келісімшарттың ресми бөлігі болып табылады.

3.2. Осы келісімшарт тараптардың қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді.
Келісімшарттың қолдану мерзімі «__» _____ 20__ ж. бастап «__» _____ 20__ ж. дейін.

4. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

4.1. Осы келісімшарт аясында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда екі жақ Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша жауапкершілікке тартылады.

4.2. Өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Екі жақ жауапкершіліктен тек өз құзырымен шеше алмайтын жағдайда ғана босатылады.

5. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1. Келісімшартта ескерілмеген барлық өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын негізге алады.

5.2. Осы келісімшартты орындау барысында пайда болған келіспеушіліктер Екі жақтың келісімімен шешіледі.

5.3. Келісімшарт екі данада әзірленген. әрбір данасы бірдей заңды болып есептеледі.

Институт:

ҚР БҒМ ҒК

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі

институты ШЖҚ РМҚ

050010, Алматы Қ. Шевченко 28

Телефон: 272-80-59, Э-адрес: info@tilbilimi.kz

Банк – «Қазақстан Халық банкі» АҚ

ЖСК – KZ026018771000204051

БСК – HSBK KZKX

Кбе – 16

БСН - 990240003957

Тел: 8727 272-55-47

Институт директоры



А.И. Фазыльжанова

Білім беру ұйымы:

(Білім беру ұйымы, кәсіпорынның, мекеменің және тағы басқа атауы)

(заңды мекен жайы)

(БСН, БСК, Кбе, банк)

(кала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)
Директор _____ (Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)